

**"Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мұғалжар аудандық білім бөлімі" ММ
«Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі» КММ**

Педагогтің бос лауазымына қабылдау туралы ХАБАРЛАНДЫРУ.

"Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар аудандық білім бөлімі" ММ «Ақкемер жалпы білім беретін» коммуналдық мемлекеттік мекемесі **тәлімгер тұрақты бос лауазымдық орынға, 1 бірлік** жұмыс мерзіміне қабылдауға конкурс жариялайды.

Мекеме атауы: "Ақтөбе облысының білім басқармасы, Мұғалжар аудандық білім бөлімі" ММ-нің Ақкемер жалпы білім беретін орта мектебі» КММ

Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Ақкемер ауылы, Есет Көкіұлы көшесі, 35

Эл.поштасы: akkemer_sh@mail.kz

Телефон номері: 8 71 333 3 91 71; 8 778 805 98 17

Негізгі функционалдық міндеттері, еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары белгіленген уақытша бос лауазымның атауы:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығымен (*өзгерісі 31.03.2022ж. №121*) бекітілген Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының 3- тарау 7-параграф, 64 тармақ барлық мамандықтардың пән мұғалімдеріне қойылатын талаптарымен лауазымдық міндеттері:

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім.
- біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде біліктілік санаттары: «педагог», «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер».

Еңбек ақы мөлшері: 100 000 -110 000 (жүз мың – жүз он мың) теңге

Бос орын атауы: тәлімгер

Жұмыс мерзімі: тұрақты

Құжаттарды қабылдау мерзімі: **09 қыркүйек – 16 қыркүйек 2024 жыл.**
(хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептеледі)

Қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген).
- 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі – ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (болған жағдайда).
- 10) Салық есептілігін қабылдау (250.00-нысандағы жеке тұлғаның активтері мен міндеттемелері туралы декларация)
- 11) Кандидат болған жағдайда оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік Жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.
- 12) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған Бағалау парағы.

Құжаттарды тапсыратын орын: Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы Ақкемер ауылы
Есет Көкіұлы көшесі, 35

Қабылдау бөлмесі.

Хабарландыру мектептің интернет-ресурсында және әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында жарияланды: www.enbek.kz;

Мектеп әкімшілігі